

## Кене



**Кене** – ұсақ паразит жәндік, адам мен жануарлардың қанымен қоректенеді. Ол көбінесе шөпті, орманды, ылғалды аймақтарда кездеседі. Кейбір кенелер қауіпті жұқпалы ауруларды тасымалдауы мүмкін (мысалы, кене энцефалиті, Лайм ауруы).

**Кененің қауіптілігі:** кене шаққан кезде ол теріге жабысып, қан сорады және сілекейі арқылы инфекция жұқтыруы мүмкін.

**Белгілері:** кене шаққан жерде қызару, ісіну, ауырсыну немесе қышу кей жағдайда дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бас ауруы

**Жұғу жолы:** табиғатта (шөп, бұта арасында) жүргенде теріге жабысу арқылы

**Алдын алу шаралары:** табиғатқа шыққанда жабық киім кию (ұзын жең, шалбар), шалбарды шұлықтың ішіне салу, репеллент қолдану, табиғаттан келген соң денені толық тексеру, балалардың киімін және шашын мұқият қарау

**Кене шаққан жағдайда:** кенені өз бетінше күшпен жұлмау, дереу медициналық мекемеге қаралу, дәрігер арқылы қауіпсіз түрде алып тастау, шаққан орынды өңдеу және бақылау

**Балабақша жағдайында:**

Балалардың табиғат серуендерінен кейін міндетті түрде тексерісі жүргізіледі, ата-аналарға алдын алу туралы ескерту жасалады.